

М. Барманқұлов және Ғ. Қайырбеков  
мәдени мұралары аясында  
«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МАСС-МЕДИА НАРЫҒЫНДАҒЫ  
БІЛІМ – ҒЫЛЫМ – ӨНДІРІС ҮДЕРІСІ»  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

*27 ақпан 2015 жыл*

МАТЕРИАЛЫ  
международной научно-практической конференции  
«ИНТЕГРАЦИОННЫЙ ПРОЦЕСС НА КАЗАХСТАНСКОМ МЕДИА-РЫНКЕ:  
ОБРАЗОВАНИЕ – НАУКА – ПРОИЗВОДСТВО»  
в рамках культурного наследия  
Марата Барманкулова и Гафу Кайырбекова

*27 февраля 2015 г.*

DAIGEST  
of International scientific and practical conference  
«INTEGRATION PROCESS IN MEDIA MARKET OF KAZAKSTAN:  
EDUCATION, SCIENCE AND PRODUCTION»  
in the frame of M. Barmankulov`s and Kayirbekov`s cultural heritage

*27 february 2015*

**Ғылыми редакторлар:**  
ф.ғ.к., доцент **С. Медеубек,**  
с.ғ.д., профессор **Г. Сұлтанбаева**

**Жауапты редактор:**  
аға оқытушы **А.Б. Алимжанова**

**М. Барманқұлов** және **Ғ. Қайырбеков** мәдени мұралары аясында «Қазақстандық масс-медиа нарығындағы білім – ғылым – өндіріс үдерісі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 27 ақпан, 2015 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 146 б.

ISBN 978-601-04-1057-2

Жинаққа «Қазақстандық масс-медиа нарығындағы білім – ғылым – өндіріс үдерісі» атты конференция материалдары еніп отыр. Ғылыми жинақта әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы мақалалар мен **М.Барманқұлов** және **Ғ.Қайырбеков** мұралары жайлы тың деректер жинақталды. Конференция материалдарына зерттеуші ғалымдар, студенттер, магистранттар, PhD докторанттардың еңбектері енді.

ISBN 978-601-04-1057-2

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015

## МАЗМУНЫ

<b>МЕДЕУБЕКҰЛЫ С. ЗАМАНСӨЗ, ШЕШЕНСӨЗ ЖӘНЕ КӨСЕМСӨЗ</b> .....	3
<b>СҰЛТАНБАЕВА Г.С. ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ШЕЖІРЕШІ-ЖАРШЫСЫ</b> .....	9
<b>БАРЛЫБАЕВА С.Х. РОЛЬ ТРК КАЗНУ ИМ.М.К. БАРМАНКУЛОВА В ПОДГОТОВКЕ СПЕЦИАЛИСТОВ МЕДИАРЫНКА</b> .....	11
<b>Нуриден Р. ТҮРКІНІҢ ТЕКТІ ҰЛЫ</b> .....	14
✓ <b>Шыңғысова Н.Т. ҒАЛЫМ М. БАРМАНҚҰЛОВ: КЕЛЕЛІ ПІКІРЛЕР МЕН КЕЛІСТІ ОЙЛАР</b> .....	15
<b>Өзбекова Г.С. МАРАТ БАРМАНҚҰЛОВ – ҰМЫТЫЛМАС ТҮЛҒА</b> .....	16
<b>Кенжегулова Н.С. ПРОБЛЕМЫ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ ДЛЯ МЕДИАРЫНКА СТРАНЫ</b> .....	17
<b>Бекболатұлы Ж. Ғ. ҚАЙЫРБЕКОВ ПЕН М. БАРМАНҚҰЛОВТЫҢ БАБАЛАРЫ МЕРГЕН БАТЫР ХАҚЫНДА</b> .....	19
<b>Қозыбаев С., Қабылғазина К., Айтбаева Б. ҚАЗАҚСТАН МАСС-МЕДИА ИНФРАСТРУКТУРАСЫНЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ</b> .....	23
<b>Өзбекова Г.С., ҒАФУ ҚАЙЫРБЕКОВТЫҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАСЫ</b> .....	25
<b>Альжанова А.Б. МОНЕТИЗАЦИЯ КОНТЕНТА В ЭЛЕКТРОННЫХ МЕДИА (ИЗ «ПОСОБИЯ ПО ЖУРНАЛИСТИКЕ ДАННЫХ». МНЕНИЯ ЭКСПЕРТОВ И СПЕЦИАЛИСТОВ О ПЕРСПЕКТИВЕ ЖУРНАЛИСТИКИ ДАННЫХ)</b> .....	27
✓ <b>Мысаева Қ.Н., ОНЛАЙН АҚПАРАТ ТАРАТУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІ</b> .....	28
<b>Нода Л.П. ТРАНСФОРМАЦИИ СОВРЕМЕННЫХ МЕДИАПРОЦЕССОВ</b> .....	30
<b>Есхуатова Н.Б. МОНИТОРИНГ НЕКОТОРЫХ ЭЛЕКТРОННЫХ ИЗДАНИЙ В ИНТЕРНЕТ-ПРОСТРАНСТВЕ: ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОПАГАНДИСТКОЙ ИНФОРМАЦИИ</b> .....	32
<b>Ф.И.Муминова, СМИ КАК ПОЛИТИЧЕСКИЙ ИНСТРУМЕНТ</b> .....	34
<b>Велитченко С.Н. ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В МЕДИАОБРАЗОВАНИИ: ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ</b> .....	35
<b>Ошанова О.Ж., ЕЛІМІЗДЕГІ ЖУРНАЛИСТ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚОРҒАЛУ ЖӘНЕ САҚТАЛУ ДЕНГЕЙІ</b> .....	38
✓ <b>Негизбаева М.О, КОРПОРАТИВНЫЕ КОММУНИКАЦИИ</b> .....	41
✓ <b>Ложникова О.П. РОЛЬ ПРОДЮСЕРА НА КАЗАХСТАНСКИХ ТЕЛЕКАНАЛАХ</b> .....	43
✓ <b>Губашева Д.Т. РАЗВИТИЕ НАУЧНОЙ КОММУНИКАЦИИ ЧЕРЕЗ ИНТЕРНЕТ</b> .....	45
<b>Муканова Г.К. ДИПЛОМАТИЯ И ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА В КОНТЕНТЕ TV КАЗАХСТАНА</b> .....	48
<b>Мондыбаева А.Б. ТЕОРЕТИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: СПЕЦИФИКА ПОДГОТОВКИ ТЕЛЕВИЗИОННЫХ ЖУРНАЛИСТОВ В МИРЕ</b> .....	52
<b>Елеуова А.А. ПОЛЬЗОВАТЕЛЬСКИЙ КОНТЕНТ КАК ВЕЯНИЕ СОВРЕМЕННОЙ МЕДИАИНДУСТРИИ</b> .....	55
✓ <b>Мысаева Қ.Н., САНДЫҚ ҒАСЫРДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ЖУРНАЛИСТИКА ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІ</b> .....	58
<b>Калтаева А.Е., ст. преп. Ложникова О. П. МЕДИАХОЛДИНГ «РБК» КАК ОБРАЗЕЦ ДЕЛОВОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ</b> .....	61
<b>Абилбакиева Ғ.Т. БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУДЫ ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП ЖЕТІЛДІРУ</b> .....	62
<b>Әлімжанова А.Б. ИНТЕРНЕТ ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ВЕБ-РЕДАКЦИЯ ҚЫЗМЕТІ</b> .....	66
<b>Молдабекова А.Т. ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ НАУКОЕМКОЙ ЭКОНОМИКИ В КАЗАХСТАНЕ</b> .....	69
<b>Әліқожаев Б. КҮЛТЕГІН ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ТАРИХИ Оқиғаларды қанықтыру ПАЛИТРАСЫ</b> .....	73
<b>Сарқыт Ә. М. ҒАФУ СҮЙГЕН КЕРБЕЗ ҚЫЗ</b> .....	77
<b>Саленова Шугла, ҒАФУ КАИРБЕКОВ (1928-1994): ОТ «БАЛА-ЖЫРАУ» ДО ПЕРЕВОДЧИКА ШЕДЕВРОВ МИРОВОЙ КЛАССИКИ</b> .....	80
<b>Байзулина Айгерим МЕДИАПРОСТРАНСТВО ЕВРАЗИЙСКОГО СОЮЗА: ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ</b> .....	85
<b>Думан Смақов АУДИОКІТАПТАРДЫҢ ТАРИХИ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН БІЗГЕ БЕЙМӘЛІМ ТҮСТАРЫ</b> .....	87
<b>Жансая Себетқызы. ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ ФОРМУЛАСЫ</b> .....	94
<b>Тоқжанова Н. ИНТЕРНЕТ ЖУРНАЛИСТИКАҒА БІР ҚАДАМ</b> .....	96
<b>Сәндібек Н. БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ТАЯУ БОЛАШАҒЫ</b> .....	98
<b>Данаева Н.Т. ЭЛЕКТРОНДЫ БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ БЕЗЕНДІРУ ҰЛГІСІ</b> .....	101
<b>Өскенбай Кенже ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫҢ ҒАЛАМТОРДА НАСИХАТТАЛУ МӘСЕЛЕСІ: САҚТАУ, ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАУ</b> .....	105

менгергенмін, өте сенімдімін. Күнде бір ғимаратта жүргеннің де пайдасы тие ме, Ғылыми Кеңестің мүйізі қарағайдай мүшелерінен де онша сескене қоймаймын. Батыл сөйлеймін, тіпті қарсы пікір де айтып қоямын. Бір кезде маған Марат Кәрібайұлынан бір жапырақ қағаз келді. Сол тілдей қағазға Ғылыми Кеңес мүшелерінің ескертпелері орынды екенін, рахмет айтып, оны алдағы уақытта ескеруім керектігін жазыпты. Мен ол кісінің нені меңзегенін бірден түсініп, сабама түстім.

Әріптестермен «мың сіз-біз десіп» жүрумен қатар, анда-санда «бір шыж-мыж» болып тұрады ғой. Сондайда Мәкен өте жайдары болып, бәрімізге көңіл бөліп отыратын. Мені неге екенін білмеймін «Көп балалы жас ана» дейтін. Сонда Дәмегүл мен Клара: «Ал, біз ше?» – деп қосарлана сұрағанда күліп қоя салатын. Кейде «қыпшақ қызы» деп те атайтын. Алайда, Марат Кәрібайұлының әр сөзі жәй айтыла салмайды, оның шешуі кейіннен табылып жатады. Марат Кәрібайұлы Барманқұловтың бізге тастап кеткен мол мұралары сол жұмбақтарды ашуға көмектесе береді.

**Шыңғысова Н.Т.**

**Филология ғылымдарының докторы,  
ЮНЕСКО және халықаралық журналистика кафедрасының меңгерушісі**

### **ҒАЛЫМ М. БАРМАНҚҰЛОВ: КЕЛЕЛІ ПІКІРЛЕР МЕН КЕЛІСТІ ОЙЛАР**

Профессор Барманқұлов туралы жан жақты айтуға болады. Ол білікті ұстаз, білгір ғалым, мықты менеджер болды. Адамгершілігі туралы айтылатын әңгіме өз алдына бір төбе. Кадр таңдауда қателескен емес. Жастардың бойынан бір жылт еткен жалын көрсе, соны ұштауға тырысып, бар жағдайын жасап бағатын. 1998 жылы «Қазақ теледидары жастар бағдарламасының проблемалары» тақырыбында кандидаттық диссертациямды қорғап, ғылым комитетіне құжаттарымды дайындап отыр едім, кафедраға кірген Марат Кәрібайұлы: «Осы кафедрада жұмыс істегің келе ме?», – деді. Ойланбастан: «Келеді» – дедім. «Онда жаз өтінішіңді» – деді. 0,5 жүктемеге өтініш жазып, сол кездегі факультет деканы, ғылыми жетекшім Намазалы Омашевқа кіріп едім, ол кісі: «Мен сенің мойныңа факультет студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмысын жүктеймін. Жолға қойып, жоғары деңгейге жеткіз», – деп үлкен сенім артып, бір жүктемемен жұмысқа қабылдады. Бұл қазан айы болатын. Аудиториялық сабақтар түгел бөлініп кеткен. Ең қызығы ставкам бар, бірақ сабаққа кірмеймін. Екі-үш күн жүрген соң, Марат Кәрібайұлына барып: «Бос жүргенім ыңғайсыз, аудиторияға кіргім келеді» – дедім. «Кіре ғой», – деді. «Қалай?» – деймін. Сол кездегі тәжірибелі деген ұстаздардың аты-жөнін тізіп, сабақтарына қатысып, сабақ беру тәсілдерін үйрен, – деді. Жас маманды бірден аудиторияға кіргізіп жібермей, жағдайын жасап, үйренуіне мүмкіндік берген көреген басшының бұл ісі көпке үлгі.

Қарапайымдылығы бір басына жетіп артылатын кафедра меңгерушісі оқытушылармен қашанда сыпайы сөйлесетін. Қандай жағдай болмасын, дауыс көтергенін естімешпін.

Ғалым М. Барманқұловтың жастар бағдарламасына қатысты: «Қазақ тіліндегі хабарлардың тұлға, пішіні қандай болуы керектігін ескермейміз. Корермендердің көңілін құлазытып, оларды ығыр ететін сүреңсіз хабарлар дайындаумен қашанғы айналысамыз? Тақырыптар санын неге кеңейтпеске?», – дей келіп, хабарлардың халықаралық деңгейде болуы керектігі жөніндегі пікірі [1] әлі күнге маңызын жойған жоқ. Қазіргі таңда жастардың көзқарасымен қарайтын, жастардың тілімен сөйлейтін, жастарша ойлайтын, яғни жастар форматын ұстанатын, тың идеяларға толы арналар аз. Көпшілігі тек эфирді толтыру үшін жұмыс істейтіндігі ащы да болса ақиқат.

Теледидар жанрларына қатысты теледидар теориясын зерттеуші өзге ел ғалымдарының кейбір біржақты пікірлеріне ұтымды дәлелдер айта білген. Мәселен, Т. Яковлев: «Дөңгелек үстел – ақпарат жинау емес», – дей келіп, дискуссиялық түрін қалдырады. Ал М. Барманқұлов пікірталастың ақпараттық түрін де атайды. Сондай-ақ, әңгіме мен пікірталасты дөңгелек үстелдің құрамдас бөліктері ретінде қарастырған. Дөңгелек үстел басындағы әңгіме расында да пікірталасыз өтпейді. Пікірталас негізінде хабар кейіпкерлерінің көңіл-күйі мен бейнесі танылады.

Оқиға болған жерден репортаж жүргізу журналистен жылтырақ сөзге көп әуестенбей, өзін еркін ұстауды талап етеді. М. Барманқұлов: «Репортаж – это объективное, оперативное и наглядное изложение очевидцам своих впечатлений о событиях» [2], – деп оқиға мен репортердің өзара байланысын баса айтады. Расында телерепортажды оқиғасыз елестете алмаймыз әрі бұл теледидардың табиғатына жақын жетекші жанрлардың қатарынан саналады. Телеочерк тәрізді телерепортаждың да көркем, публицистік сипатын баса айтамыз. Қазақ теледидарының жастар редакциясы бұл жанрды кең қолданған. Өндірісте, ауыл шаруашылығында жүрген жастардың еңбегін корсетуде тақырыптық репортаж тиімді болды. Журналистер оқиғаны түсінікті етіп жеткізе білген. Фото, кинорепортаждарда кинокадрлар мен суреттер оқиғаның маңызын толықтырып, аша түсті.

Қоғамдық-саяси, мәдени оқиғаларға байланысты репортаждар республика өмірінен кең хабардар етті. Бұл репортаждардың ақпараттық сипаты басым болды.

Қазақ теледидарында 1970-жылдары жаңа бағдарламалар жасала бастады. «Көкпар», «Кім өнерлі, кім білгір» бағдарламаларына деректі ойын-сауық түрі тән. «Документально-игровые передачи организуют естественное проявление чувств в момент передачи так, что ее участники перестают обращать внимание на любую технику и осветительные приборы», – дейді профессор М. Барманқұлов мұндай ойындар туралы. Расында «Көкпар» хабарына қатысқан 5-7 адамнан құрылған топ өздерінің сезімі мен көңіл-күйлерін хабар барысында жасыра алмай жататын. Қатты қуанып немесе ренжіген топ мүшелерінің бет-әлпеті, қимыл қозғалысы телекөремендерді де бей-жай қалдырған жоқ. Ғұмыры екі жарым жылға созылған «Көкпар» тақырыбы мен мазмұнын ескіртпей, үнемі жаңартып отыруы керек еді. Бағдарламадағы сұрақтардың тым көптігі де корермендерді жалықтырып жіберді. Осындай іркілістер мен теледидардағы жаңашыл ізденістер Барманқұлов қаламынан тыс қалған жоқ. Қазақ теледидарының тарихына көз жүгірте отырып, ғалым айтқан теориялық келелі пікірлерді көптеп кездестіруге болады.

**Әдебиеттер:**

1. Қазақ теледидары және оның ұлттық табиғаты. // Қазақстан мектебі. – 1994. № 3. – 6 б.
2. Барманқұлов М. Телевидение: деньги или власть. – Алматы: «Санат», 1997. – 186 с.

**Өзбекова Г.С.,  
ф.ғ.к., доцент**

### **МАРАТ БАРМАНҚҰЛОВ – ҰМЫТЫЛМАС ТҰЛҒА**

Барманқұлов Марат (1937 жылы 10 ақпанда Алматы облысы Талғар қаласында дүниеге келіп, 2000 жылы 9 мамырда Алматыда дүниеден откен) – тележурналист, отандық тележурналистика саласының негізін алғашқы қалаушылардың бірі әрі осы саланың көрнекті теоретигі.(1)

ҚазМУ-ді бітірген (1950). Бесінші курстан бастап Алматы телестудиясының репортері, содан кейін жастар спорт болімінің жауапты редакторы болып жұмыс істеді. 1961-65 жылдары Мәскеу университеті журналистика факультетінің аспиранты. ММУ-дің бригадасымен бірге студенттік құрылыста "Молодой целинник" газетінің негізін қалады. "Планета целины" кітабы авторларының бірі.

Филология ғылымдарының кандидаты (1965), (диссертация тақырыбы "Портреттік очерк мәселелері"), филология ғылымдарының докторы (1981), (тақырыбы "Баспасөз, телевидение және радио жанрларын салыстыра талдау"), проф. (1982). 1965 жылы ҚазМУ-де ассистенттен журналистика факультеті деканының орынбасары, 1991 жылы "Казахстанская правда" газеті редакторының бірінші орынбасары. Сол жылдан бастап өмірінің соңына дейін ҚазҰУ-дың телевизиялық журналистика кафедрасының меңгерушісі, Әлем әдебиеті және журналистика университетінің бірінші

Көрнекті ғалым "Весь мир в вашей квартире", "Журналистика для всех", "Сравнительный анализ жанров", "Жанры печати, радиовещания и телевидения", "Искусство современной информации", "Телевидение: деньги или власть?", "Хан Иван" т.б. оқу құралдары мен монографиялардың, әлденеше жүздеген ғылыми мақалалардың авторы. Барманқұлов басшылығымен бір докторлық, бес кандидаттық диссертация қорғалды.

Барманқұлов ҚазМУ-дің журналистика факультетіндегі кандидаттық диссертация қорғау Кеңесі торағасының орынбасары және филология факультетінің докторлық диссертация қорғау Кеңесінің мүшесі болды. Қазақстан Журналистер одағының хатшысы, Еуразия Халықаралық экономика академиясының академигі.

Бұл дереккөздерден алған мәліметер профессор Барманқұловтың өмір жолы, атқарған қызметі, білім жолы мен ғылымдағы толайым табыстарынан сыр шертеді. Ал оның өзге адами қасиеттері қандай еді?

Жұмаш Кенебай: «Қазақ журналистикасының, оның ішінде – телерадио тармағының іргетасын қалаушы, осы саланың тамаша білгірі, білімдісі біреу болса, соның бірегейі – профессор Марат Барманқұлов еді. Мәкеңнің бұдан басқа да былайғы жұрт біле бермейтін қырлары көп болатын...

1992 — 1999 жылдары Қазақ теледидарының бірінші және екінші арналарынан әр аптаның белгілі бір күндерінде қатар беріліп келген "Түрік даналары" атты авторлық телебағдарламаның басынана аяғына дейінгі тұрақты ғылыми жетекшісі болған да – осы профессор Марат Барманқұлов еді.